

AQTÓǴAI AJARY

Ақтоғай айдандық қоғамдық-саяси басылым

Gazet 1938 jylǵy 15 tamyzdan shyǵady

@ aktogai_red@mail.ru

f www.facebook.com/a.ajary.kz

№19 (7908)

Жұма
5 мамыр
2023 жыл

7 мамыр – Отан қорғаушылар күні

Құрметті әкелер, ағалар, ер азаматтар!

Сіздерді тәуелсіз мемлекетіміздің айбынды мейрамы, 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!

Айтулы күн әрқайсысымыз үшін патриотизм мен Отанға деген сүйіспеншілік сезімімен тығыз байланысты екені сөзсіз.

«Ел қорғаны, ер аманаты» дейді дана халқымыз.

Елінің ертеңін ойлаған ер азамат, тарихын түгендеп, өткенін өшірмей, ата-бабаларын әрқашан естен шығармайтыны белгілі. Бұл күні ел іргесін берік ұстап, Отанына адал қызмет атқаратын әскерлеріміздің ерен еңбектерін айту да артық болмас.

Аға ұрпақ пен жас буынның Отанымызды қорғап, қазақ халқына шат-шадыман күлкі мен бейбіт өмір сыйлауда сарбаздардың атқарып жатқан қызметтері ұшан-теңіз.

Әскеріміздің айбынын асқақтататын сардарлар мен сарбаздарымызға қандай құрмет көрсетсек те артық болмайды.

Қызметте айтулы үлес қосқан ер азаматтарымызды біз әрқашан да мақтан тұтамыз. Осындай айтулы мейрамда еліміздің жарқын болашағы үшін атқарып жатқан игі істеріңізге толағай табыс, ерлік пен бағылды, жанұяларыңызға бақыт пен бейбіт ғұмыр тілейміз.

Аудан әкімі
Р.Кенжебеков

Аудандық мәслихат
төрағасы Р.Әбеуов



9 мамыр – Ұлы Жеңіс күні

Қадірлі аудан тұрғындары,
тыл еңбеккерлері!

Сіздерді 9 мамыр – жанқияр ерліктің, еңселі елдіктің, рухы асқақ, жеңіс жалауы желбіреген Ұлы Жеңіс мейрамымен құттықтаймыз!

1945 жылдың 9 мамыры жұртшылық жадында біздің халқымыздың ерлік үлгісі, қайсар қажырлығы мен мызғымастығының символы болып келеді. Тәуелсіздік тұғырының берік, еңсеміздің биік болуы, еліміздің өркендеуі мен елордамыздың гүлденуі – осы айтулы мерекеміздің жемісі.

Аға ұрпақ алып берген Жеңіс туы, бүгінгі таңда жас ұрпақтарымызды жетістіктерге жігерлендіріп, жанымызға қуат беріп, қиындықтарды жеңіп, алға ұмтылуымызға әрқашан серпін береді.

Отан қорғаушы батырларымыздың жасаған ерліктері мәңгілік өшпес естелік болып қалатыны сөзсіз. Ұлы Жеңіс майданында, тылда да жанқиярлықпен күреске түскендердің барлығы айрықша құрметке ие, қаза тапқан аға-әпкелеріміздің рухына тағзым етеміз.

Ардагерлеріміздің ерен ерліктері арқасында бүгінде бейбіт өмір, бақытты да баянды ғұмыр кешудеміз.

Ерлікке толы күн тарихымыздың мәңгілік ұмытылмас парағы болып қала бермек.

Қымбатты ардагерлер! Осынау айтулы күнде дендеріңізге саулық, жанұяларыңызға амандық тілейміз.

Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

Аудан әкімі
Р.Кенжебеков

Аудандық мәслихат
төрағасы Р.Әбеуов



Халықтың табысын арттыру керек

Әлеуметтік-экономикалық мәселелер жөнінде кеңейтілген кеңес өткізген Президент Қасым-Жомарт Тоқаев осындай тапсырма берді. Ел экономикасын дамытып, жұрттың тұрмысын арттыру үшін атқарылуы тиіс сегіз бағытты айқындап берген Мемлекет басшысы: «Бытырдан бері елімізде саяси реформалар жүзеге асты. Референдум өткіздік, президент пен депутаттарды сайлап, Үкіметті қайта жасақтадық. Енді шұғыл түрде әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешу қажет. Себебі, халықтың табысы төмендеп, қымбатшылық қысып барады. Мәселен, биыл инфляция рекордтық көрсеткіш 21,3 процентке жетті», – деді.

Мемлекет басшысының пікірінше, Қазақстан мұнай және газ өндіруші ел ретінде жаңа геэкономикалық жағдайға бейімделуі керек. Экономиканы жүйелі әртараптандыру – стратегиялық міндет.

Президент Үкімет пен атқарушы органдарға азық-түлік тауарлары бағасының өсуіне жол бермеу, агроөнеркәсіп кешенін дамыту, отандық өндірісті ұлғайту, азаматтардың нақты табысын арттыру, байыпты макроэкономикалық саясат жүргізу, экономиканы монополиядан арылту, инфрақұрылымды одан әрі дамыту жөніндегі жұмысты жаңғырту, азаматтардың сапалы меди-

цина мен білімге қол жеткізуін қамтамасыз ету, табысты жұмыс орындарын ашу, сондай-ақ мемлекеттік басқару ісін жетілдіру жөнінде бірқатар міндет жүктеді.

Ел басшысы айтып өткендей, экономиканы әртараптандыру – уақыт талабы әрі стратегиялық міндет. Деру іске көшпесек, әлемдік бәсекеде

өзің бола алмайтынымыз анық. Мемлекет басшысы жанармайдың қымбаттауына қатысты пікір білдірді. Оның айтуынша, бағаны көтермей ұстап тұрсақ, өзімізге кесірі тие береді. Яғни, көрші елдерде баға қымбат болғандықтан, арзан жанармайымыз шекара асып, сонда сатылады. Кейін өзімізде тапшылық болады. Мұның алдын алу үшін бағаны көршілермен теңестіру маңызды. Ендігі міндет – соған сай халықтың табысын арттыру. Бұдан бөлек, президент Ұлттық қорға иек арта бермеуді, агроөнеркәсіп кешенін дамытып, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін көкөніс сақтайтын қоймаларды заман талабына сай етуді және сыртқы саясат тұжырымдамасын жаңғыртуды тапсырды.

Сондай-ақ, жаңа жұмыс орындарын ашып, жұртты жұмыспен қамту да маңызды міндет. Президент 2023 жылға қарай 3 миллион 300 мың адам жұмыспен қамтылуы керек деді. Осылайша, елді дамытудың сегіз бағытын айқындап берді. Енді депутаттардан бастап министр, өкімдер осы бойынша жұмыс істеуі керек. Әрі тапсырмалар мүлтіксіз, уақытылы іске асуы тиіс. Олай болмаса, салдары ауыр болатынын ескертті.

Б.Калақбасов,
аудандық мәслихат депутаты.

Халық үніне құлақ асатын мемлекет

Әкім бол, халыққа жақын бол! Мемлекет басшысының «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы осыған саяды. Бүгінде әкімдер тұрғындардың әрбір уәжіне құлақ түріп, жергілікті жердегі мәселеге тереңінен үңілуге кірісіп кетті.

Кент келешегі кемел

Күні кеше аудан әкімі Руслан Кенжебековтің кезекті іссапары ауданымыздағы іргелі елді мекен Шашубай кентінде жалғасын тапты. Кент тұрғындарын жеке сұрақтары бойынша жеке қабылдап, жұртшылықты мазалаған сауалдарға жауап берді.

Жалпы кездесу барысында шашубайлықтар тұрғын үй, кәсіпкерлік, туризм, әлеуметтік мәселелер бойынша сұрақтар қойып, тиісті жауаптарын алды. Одан әрі өңір басшысы кентте атқарылып жатқан жұмыстармен танысты. Шашубай кенті әкімі Н.Мангишевтің ақпарына сүйенсек, үстіміздегі жылы кентте жаңадан жылу қазандығы құрылысы басталып, Сейфуллин, Ғарышкерлер көшелеріндегі екі үйдің аулалары абаттандырылады. Жағалау көшесіне балалар және спорт алаңы салынбақ. Елді мекендегі Ақбергенұлы көшесі 9-шы үйге қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізілуде. Кент әкімінің айтуынша, бұл үйдегі пәтерлер өз кезектілігі бойынша арнайы комиссияның шешімі бойынша берілетін болады.

– Екі үйдің шатыры жөнделіп, Сейфуллин көшесінің екі үйі және Ғарышкерлер көшесінің бір үйіне сырлау жұмыстары жүргізіледі. Сонымен қатар,

Жағалау, Ақбергенұлы, Ихамбаев көшелеріне жасыл желектерді суару құбырларына жөндеу жұмыстары басталады. Аталған жұмыстар тиісті бақылауда болып, қадағаланатын болады, – дейді кент әкімі.

Аудан әкімі келесі кезекте Сарышаған кентінде болып, кентте жүргізіліп жатқан жұмыстарды көріп, тұрғындарды жеке сұрақтары бойынша қабылдау өткізді. Биыл кенттің құрылғанына 70 жыл толып отыр. Осыған орай кентте дене шынықтыру және спорт кешені құрылысы басталмақ. Сондай-ақ, саябақты абаттандыру, үйлерді қалпына келтіру, су құбырларын ағымдағы жөндеу, 4 үйдің шатырларын ауыстыру, БИнтымақ көшесі үйлерін қоршау, көше шамдарын ауыстыру сияқты біршама жұмыстар жыл соңына дейін аяқталмақ. Сонымен бірге кент әкімшілігіне жөндеу жұмыстары жүргізіліп, жылжымалы сахна алынатын болады. Жеке қабылдауға келген тұрғындар үйлердің құжаттарын рәсімдеу, жолдарды асфальттау, жұмыс мәселесі, үй кезектілігі сияқты сұрақтар қойды. Көтерілген мәселелер бойынша аудан басшысы нақты жауаптарын беріп, бақылауда болатынын жеткізді.

Өз тілшімізден.

Өндірісі өркен жайған өңір

Ауыл шаруашылығы өркен жайып, кәсіпкерлік көкжиегі кеңейіп келе жатқан Ақтоғай ауданында тілге тиек етер толымды істер жетерлік. Сан сала бойынша сапалы жұмыс атқарылып жатқан мекеннің дамуына өнеркәсіп өндірісінің де қосар үлесі зор. Өнеркәсіп өндірісінің негізгі көрсеткіштерін аудан бойынша «Алтыналмас АҚ» АҚ кәсіпорыны, тау-кен өндірісіндегі «Балқаш тау-кен» кәсіпорыны, «Балқашбалық» кәсіпорыны, «Алтыналмас Technology» ЖШС және тоқпен жабдықтаудағы Сарышаған тоқпен жабдықтау дистанциясы құрап отыр.

Таяуда аудан әкімі Руслан Кенжебеков іссапармен өңірге қарасты «Алтыналмас АҚ», «Пустыннос» кен орнындарына барып, жұмысымен танысты.

«Алтыналмас АҚ» АҚ Қазақстандағы алтын өндіретін жетекші компаниялардың бірі. Өткен жылы аталмыш кәсіпорын 48905 млн теңгенің өнімін өндірген. Заттай түрде өндірілген алтын көлемі – 3531 кг. Кен орны барлық қажетті әлеуметтік және өндірістік инфрақұрылыммен

қамтылған. Өңір басшысы алдымен өндірісте жұмыс жасайтын ақтоғайлық жұмыскерлермен кездесіп, олардың жай-күйлерімен танысты. Кен орнында аудан басшысына директордың өндіріс жөніндегі орынбасары Б.А.Кудербаев кәсіпорынның әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерін баяндады.

Қазба байлықтарының шикізат базасын толықтыратын кеніште технологияның соңғы үлгідегі барлық жабдыктарымен толықтай қамтылып, қызметкерлердің қауіпсіздікте жұмыс жасауына жағдай жасалған. Наурыз айында ғана шаң жұту аппараты іске қосылып, қызмет атқаруға жөнелдіктер жасалған.

Аудан басшысы Р.Айткөкеноұлы тау-кен өндіру секторы отандық экономиканың өсімін арттыратын негізгі саланың бірі екенін атап өтті. Алдағы уақытта да кәсіпорынмен әлеуметтік серіктестікте жұмыс атқарып, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына бірлесіп қызмет атқаратындығын жеткізді.

Д.Амангелдіұлы.

Қоғамдық талқылау өтті

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік органдар, ұйымдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілері сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізеді.

4 мамырда сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелеріне қоғамдық талқылау өтті. Талқылауды аудан әкімінің аппарат басшысы Б.Әмірғасым ашып, жиынға қатысушыларға сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың алдын алу шараларының бірі ретінде ішкі талдау жүргізудің өзектілігін атап өтті. Талдау барысында мемлекеттік мекемелер мен квазимемлекеттік сектор субъектілері анықтаған нормативтік құқықтық актілерде, персоналды басқару бағыты бойынша, бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері талқыланды. Уәкілетті органға тиісті құжатты әзірлеу және бекітуге ұсыныс беру қажет деген қорытындыға келді.

Ақтоғай ауданы әкімдігі.

Ұлы Жеңіс күні қарсаңында

Ардагерлерді ардақтады

«Ауылдағы қария – жазып қойған хатпен тең». Қазақ ежелден үлкенге құрмет білдіріп, қартын қадірлеген халық. Қоғамда ардагерлердің араласпайтын саласы жоқ. Себебі, аға буын өкілдерінің ақылы мен кеңесі, өмір тәжірибесі жас толқынға өте қажет. «Үлкенге – ізет, кішіге – құрмет» деген содан қалса керек. 9 мамыр – Ұлы Жеңіс мерекесінің қарсаңында аудан әкімі Р.Кенжебеков Ақтоғай ауылының бір топ қарияларымен дөңгелек үстел басында тоқайласты. Аудандық ардагерлер үйінде өткен шараға өңір басшысынан бөлек, аудан әкімінің орынбасары А.Аманжолов, аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы А.Әлібаев және аудандық Жастар ресурстық орталығының басшысы Ш.Елеген қатысты. Арнайы шақыртумен алдырған ақжаулықты әжелер мен ақсақалды қариялар бір ортада бас қосып, бір-бірімен шүйірлесіп, амандық-саулық сұрасып, бір жасап қалды.

Келесі кезекте аудан әкімі Р.Айткөкеноұлы сөз тизгіндеді:

– Құрметті жиынға қатысушылар! Сіздерді 9 мамыр – Ұлы Жеңіс күнімен шын жүректен



құттықтаймын! Бұл мереке – жанқияр ерліктің, еңселі елдіктің рухы өрлеп, жеңіс жалауы желбіреген күн. Бүгінгі тәуелсіздік тұғырының берік, еңсеміздің биік болуы да, еліміздің өркендеуі мен гүлденуі де осынау мерекенің жемісі.

Бүгінгі ұрпақ аға буын ардагерлер танытқан қаһармандық пен қайсарлықтан үлгі алып, бой түзейді. Осынау ерлікке толы күн тарихымыздың

мәңгілік ұмытылмас күні болып қала бермек. Баршаңыздың дендеріңізге саулық, шаңырақтарыңызға шаттық, бақ пен береке тілеймін, – деп ақеділ лебізін білдірген өңір басшысы, жиынды еркін форматта өрбітіп, өзінің бала күнгі есте қалған қызықты оқиғаларымен бөлісті.

Бұдан кейін, осылайша өздеріне ықылас бөлген аудан әкіміне ауыл қариялары мен ақжелекті әжелеріміздің атынан Қ.Нөкербеков бір ауыз ризашылығын жеткізді:

– Құрметті Руслан Айткөкеноұлы! Қазандай қайнаған қызметіңіздің арасында арнайы уақытыңызды бөліп, бізді елестеріп келгеніңізге мың алғыс. «Жас келсе – іске» дегендей, бел буып, білек сыбана кіріскен ісіңізге Алла береке берсін. Еңбекте жемісті, қызметте абыройлы болыңыз!

Шара соңында қарияларға арнайы аудан әкімі әзірлеген сый-сияпаттар тарту етілді. Сонымен қатар, жиынға қатысушылар естелік суретке түсті.

Е.Мұстафин.

Аудан әкімі Р.Кенжебековтің 2023 жылдың II тоқсанындағы тұрғындармен кездесулер өткізу кестесі

№	Кент, ауыл, ауылдық округ атауы	Кездесу өтетін елді мекеннің атауы	Өтетін уақыты мен орны (II тоқсан)	Ескерту
1	Ортадересін ауылдық округі	Ортадересін станциясы	17.05.2023 ж. Вокзал залы 11.00	
2	Шашубай кенті	Шашубай кенті	17.05.2023 ж. Клуб үйі 16.00	
3	Тораңғалық ауылдық округі	Тораңғалық елді мекені	18.05.2023 ж. Клуб үйі 11.00	
4	Тасарал ауылдық округі	Тасарал елді мекені	18.05.2023 ж. Клуб үйі 16.00	
5	Сарышаған кенті	Сарышаған кенті	19.05.2023 ж. Клуб үйі 11.00	
6	Айыртас ауылдық округі	Айыртас елді мекені	23.05.2023 ж. Клуб үйі 10.00	
7	Қусақ ауылдық округі	Қошқар елді мекені	23.05.2023 ж. Клуб үйі 15.00	
8	Абай ауылдық округі	Ақшол елді мекені	23.05.2023 ж. Елді мекен 17.00	
9	Қарабұлақ ауылдық округі	Қарасу елді мекені	24.05.2023 ж. Елді мекен 11.00	
10	Сарытерек ауылдық округі	Жетімшоқы елді мекені	24.05.2023 ж. Елді мекен 16.00	
11	Нүркен ауылдық округі	Қаратал елді мекені	25.05.2023 ж. Мектеп залы 11.00	
12	Кежек ауылдық округі	Ақши елді мекені	26.05.2023 ж. Клуб үйі 11.00	
13	Жидебай ауылдық округі	Үшарал елді мекені	26.05.2023 ж. Клуб үйі 15.00	
14	Қарамөнде би ауылдық округі	Қуаныш елді мекені	29.05.2023 ж. Клуб үйі 15.00	
15	Шабанбай би ауылдық округі	Бегазы елді мекені	30.05.2023 ж. Елді мекен 11.00	
16	Қызыларай ауылдық округі	Қызыларай елді мекені	30.05.2023 ж. Клуб үйі 16.00	
17	Ақтоғай ауылы	Ақтоғай ауылы	31.05.2023 ж. Мәдениет үйі 11.00	

Кент, ауыл, ауылдық округ әкімдерінің 2023 жылдың II тоқсанындағы тұрғындармен кездесулер өткізу кестесі

№	Кент, ауыл, ауылдық округ әкімі	Кездесу өтетін елді мекеннің атауы	Өтетін уақыты мен орны (II тоқсан)	Ескерту
1	Ортадересін ауылдық округінің әкімі Қрқруов Сейтқали Бейсембаевич	Ортадересін станциясы	11.05.2023 ж. Вокзал залы 11.00	
2	Шашубай кентінің әкімі Мангишев Нариман Джанатович	Шашубай кенті	11.05.2023 ж. Клуб үйі 11.00	
3	Тораңғалық ауылдық округінің әкімі Боран Ардақ Серікұлы	Тораңғалық елді мекені	11.05.2023 ж. Клуб үйі 11.00	
4	Тасарал ауылдық округінің әкімі Сеитов Нұржан Саулебайұлы	Тасарал елді мекені	11.05.2023 ж. Клуб үйі 11.00	
5	Сарышаған кентінің әкімі Тоимбеков Ануар Сулейманович	Сарышаған кенті	11.05.2023 ж. Клуб үйі 11.00	
6	Айыртас ауылдық округі әкімі Бакиров Қанат Санатұлы	Айыртас елді мекені	11.05.2023 ж. Клуб үйі 10.00	
7	Қусақ ауылдық округі әкімі Мұқатай Дархан Серікұлы	Қошқар елді мекені	11.05.2023 ж. Клуб үйі 11.00	
8	Абай ауылдық округі әкімі Тұрғанбеков Қайыржан Бауыржанұлы	Ақшол елді мекені	11.05.2023 ж. Елді мекен 11.00	
9	Қарабұлақ ауылдық округі әкімі Имангазин Аскар	Қарасу елді мекені	11.05.2023 ж. Елді мекен 11.00	
10	Сарытерек ауылдық округінің әкімі Серкебаев Қанат Рахметоллаұлы	Жетімшоқы елді мекені	11.05.2023 ж. Елді мекен 11.00	
11	Нүркен ауылдық округінің әкімі Құдайбергенов Жантемір Есбергеноұлы	Қаратал елді мекені	11.05.2023 ж. Мектеп залы 11.00	
12	Кежек ауылдық округінің әкімі Мөкенбаев Мейірбек Әзімханұлы	Ақши елді мекені	11.05.2023 ж. Клуб үйі 11.00	
13	Жидебай ауылдық округінің әкімі Ултыкеев Думан Сақенович	Үшарал елді мекені	11.05.2023 ж. Клуб үйі 11.00	
14	Қарамөнде би ауылдық округі әкімі Азирова Қайрат Азирұлы	Қуаныш елді мекені	11.05.2023 ж. Клуб үйі 11.00	
15	Шабанбай би ауылдық округінің әкімі Мұрасов Аскар Какимович	Бегазы елді мекені	11.05.2023 ж. Елді мекен 11.00	
16	Қызыларай ауылдық округінің әкімі Спанов Серікбол Армияұлы	Қызыларай елді мекені	11.05.2023 ж. Клуб үйі 11.00	
17	Ақтоғай ауылының әкімі Болғанбаев Қайыр Нығметоллаұлы	Ақтоғай ауылы	11.05.2023 ж. Мәдениет үйі 11.00	

Қазақстан Республикасы Президентінің «Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы» 2022 жылғы 3 наурыздағы №826 Жарлығына сәйкес тұрғындар тарапынан ұсыныстар, ескертпелер мен пікірлер қалдыруға арналған төмендегі белгіленген жерлерде тиісті жәшіктер орнатылған:

1. Ақтоғай ауданы әкімі аппаратының ғимараты
2. Ақтоғай ауылы әкімі аппаратының ғимараты
3. Қусақ ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты
4. Айыртас ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты
5. Абай ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты
6. Ақшол елді мекенінің мектеп ғимараты
7. Қарабұлақ ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты
8. Қарасу елді мекені
9. Дуанши елді мекені
10. Қызыларай ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты
11. Шабанбай би ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты
12. Қасабай елді мекені
13. Бегазы елді мекені
14. Сона елді мекені
15. Жидебай ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты
16. Үшарал елді мекенінің мектеп ғимараты
17. Қарақой елді мекенінің мектеп ғимараты
18. Жаланаң елді мекенінің мектеп ғимараты
19. Кежек ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты

20. Қарамөнде би ауылдық округінің мәдениет үйі
21. Қуаныш елді мекенінің мектеп ғимараты
22. Нүркен ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты
23. Қаратал елді мекенінің мектеп ғимараты
24. Жалаңтөс елді мекенінің мектеп ғимараты
25. Жидебай елді мекені
26. Ақсенгір елді мекені
27. Сарытерек ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты
28. Жетімшоқы елді мекені
29. Ақтүмсық елді мекені
30. Кеңелі елді мекені
31. Шашубай кенті әкімі аппаратының ғимараты
32. Ортадересін ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты
33. Ортадересін станциясы «Теміржол вокзалы» ғимараты
34. Ақжайдақ елді мекені «Теміржол вокзалы» ғимараты
35. Тораңғалық ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты
36. Тасарал ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты
37. Сарышаған кенті әкімі аппаратының ғимараты

Ақтоғай ауданы әкімінің аппараты.

Жеңіс деген жақсылықтың сыңары, Жігер менен құштарлықтың құралы



Алда аяндап 9 мамыр – Ұлы Жеңіс күні келе жатыр. Қазір осынау бір ауыз сөздің салмағы азайып, бағасы кемшін тартқанымен, дәл сол заманда, дәл сол майдан даласында, әрбір түйір дөңді дақыл мен бір сабақ жіп, қолына қару ұстаған азаматтарға жөнелтіліп жатқан еңбек алаңында «Жеңіс» деген сөз ең аяулы да қастерлі, ең қасиетті

Аудан көлемінде бір қауым ардагер бұған дейін де газет бетіне шыққан екен. Сонымен, өзгеше дерек іздеп, аудандық мұражай қызметкерлерімен тілдестік. Арнайы бардық. Құнды жәдігерлерге көз жүгірте жүріп, Екінші Дүниежүзілік соғысқа қатысқан ауданымыздың азаматы жөніндегі деректі кезіктіріп, басылым

Оқ қарша борап, біріне-бірі қырғиша тиген қиянқескі ұрыста жара-лы болған Шөкең көшпелі дала госпиталінің төсегіне таңылады. Бұл 1942 жылдың қаңтар айы. Бес айға жуық ем алған жауынгер ауруынан айығысымен майдан даласына аттанады. Алайда, «қырсық бір айналдырады, бір айналдырса, шыр

төтеннен Америка әскерлерімен қақтығыс кезінде ауыр жарақат алған кейіпкеріміз II топтағы мүгедек деп танылып, әскерден босап, елге оралады. Отанға оралғаннан кейін Шөкең құр жатуды құп көрмей, Балқаш қалалық ішкі істер органында қылмысқа қарсы күрес бөлімінде лауазымды қызмет атқарады. 1959

Ерлігің ел есінде...



сөз болғаны хақ.

Әр шаңырақтың еркек кіндігін оққа байлаған ондай қастерлі, ондай зұлмат заман ендігі уақытта адам баласының басына үйірілмесін. 4 жылға созылған қанды қақтығыс талай шаңырақтың отын өшіріп, талай адамның жүйкесін жұқартып, жанын жүдетті. Қаншама азаматқа ата-бабасының аяғы баспаған жат жерден топырақ бұйырып, қаншамасы хабар-ошарсыз кетті. Дәл қазіргі уақытта сол соғыс алаңынан аман-есен келген ардагерлердің де қатары сиреп, еліміз бойынша әр өңірде қадау-қадау қалды.

Сонау Еділден Берлинге дейін созылған қанды қырғынға біздің Ақтоғай өңірінен 2117 жауынгер аттанған. Соның 1031-і майдан даласында оққа ұшса, 1086 азамат соғыс артқан азапты арқалап елге оралған. Бұл дегеніміз бүгінде біз қадір-қасиетін бағамдай алмай, бағалай алмай жүрген «Ұлы Жеңістің» оңайшылықпен келмегенін білдіреді. Сол уақытта бота тірсек бала болса да, күні-түн қара жұмыста жүріп «арқа еті арша, борбай еті борша» болған көзі тірі, кеудесі көмбе қариялар кешегі тыл даласында бір уыс дөңнің өзін ысырап қылмастан, түйіріне қиянат жасамай, «Бәрі де майдан үшін, бәрі де Жеңіс үшін» деп қолда барды әскер қатарындағы жауынгерлерге жөнелткенін айтып отырады. Осының барлығының артында жеңіске деген ұмтылыс пен сенім жатыр.

Біз жылдағы дағды бойынша осынау ұлық мерекені, оған атсалысқан тұлғаларды дәріптегенді жөн санадық.

бетіне жариялағанды жөн санадық. Біз мақалаға тұздық қылғалы тұрған арда азаматты біріңіз білсеңіз, біріңіз білмесіз, құрметті оқырман!

Майдангер Шөкең Сүйменбаев 1939 жылы әскер қатарына алынып, бақандай тоғыз жыл от пен оқтың ортасынан аман шығып, 1948 жылы елге дін аман оралған. Ақтар биліктен қол үзіп, қызылдар Кеңес үкіметінің іргесін қалап жатқан 1919 жылдың 2 мамырында Шөкең Сүйменбаев Ақжарық ауылында дүниеге келген. Кейіпкеріміз тағдырдың кермек дәмін жасынан татқан. Солақай саясаттың салдарынан бір кездері төскейде төрт түлігін қатар өргізген қазақтың тігерге тұяғы қалмай, жаппай шаршылыққа душар болған уақытта Шөкеңнің да әке-шешесі бірдей көз жұмады. 1932 жылы Қарқаралыдағы балалар үйіне қабылданған Шөкең сол арада оңы мен солын танып, ер жеткеннен кейін 1939 жылы әскер қатарына алынып, Амурдағы Комсомольск қаласында әскери борышын өтейді. Көп қатарлы Отан алдындағы борышын өтеп жатқан

айналдырады» дегендей, Воронеж қаласына жасалған шабуылға төтеп беру барысында Шөкең тағы да жарақат алып, Тамбов қаласының госпиталінде емделеді. Сол арадан жазылып, қатарға қосылған кейіпкерімізді Москва қаласындағы офицерлер дайындайтын әскери училищеге жібереді. Табан аудармастан әскери білім ошағында оқыған Шөкең 1944 жылдың соңында лейтенант шенін алып шығады. Училищені төмамдаған жауынгер қарауындағы жауынгерлерімен бірге Беларусь майданына қатысып, 8 гвардия әскері қатарындағы соғысты Берлин қаласын алумен аяқтайды. Сол уақыттағы Кеңес Одағының сарбаздарының қандай күйді



Шөкең соғыс оты тұтанғаннан кейін Хасан көлі маңындағы Бабуров стансасында арнайы құрылған жасақта жаттығудан өтеді. Сол жылы желтоқсан айында Брянск майданының 5-ші әскер қарауында жаумен бетпе-бет ұрысқа түседі. Бұған дейін астыртын әзірленіп, басынан бақайшағына дейін мұздай қаруланған фашистік Германияның әскері соғыстың алғашқы жылдарында қай жағынан да басым түсіп, көздеген қалаларын басып алып жатты.

кешкенін дәл қазіргі уақытта ешбір сөзбен айтып жеткізе алмаспыз. Тұтқиылдан тұтанған соғыс отын тұншықтырып, Берлинде қызыл жалауды желбіреткен жеңімпаз жауынгерлер екі елге де тыныштық сыйлағанын білсе ғой.

Аты жаман соғыс аяқталғаннан кейін Германиядағы оккупациялық әскер қатарында болған Шөкең үш жылдың мұғдарында шығыс пен батыс Германияның шекарасын күзету ісіне атсалысады. 1948 жылы

жылдан 1951 жылға дейін жемісті еңбек еткен жауынгер сол арадан құрметті еңбек демалысына шығады.

«Ер туған жеріне...». Шөкең Сүйменбаев 1954 жылы өзінің туған өлкесіне қазығын қағады. Жасынан бейнеттің қазанында қайнаған азамат қол қусырып жатпай ауылға оралғаннан кейін де ауыл шаруашылығының өркендеуіне үлес қосады. «Адам ұрпағымен мың жасайды». Кейіпкеріміз зайыбы Төлеужамал екеуі 9 бала өсіріп, жеткізген ұлағатты отбасы. «Қырық жыл қырғыннан» аман оралған Шөкең 1990 жылы дүние салады. Ардагердің Отанына көз тіккен сұм пиғылды жаудан азат ету барысында көрсеткен еңбегі үшін «Қызыл Жұлдыз» орденімен және өзге де медальдармен марапатталған.

Бүгінгі біз сүріп жатқан бейбіт өмірдің іргетасы осы Шөкең секілді нардың жүгін арқалаған, «Отан үшін отқа түскен» арда азаматтардың арқасында қаланған. Сондықтан да, кешегі ел басына күн туғанда етігімен су кешкен ерлердің есімі кейінгі толқынның жадында жатталуы тиіс. «Ер есімі – ел есінде».

Е.АЙТЖАН.

Мерекешуағы

Татулықты ту еткен халықпыз

Қазақтың даласы да, пейілі де дархан. Сондықтан да болар, кешегі алмағайып уақытта жер ауып, жан сауғалап келген өзге ұлт

1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күніне орай еліміздің түкпір-түкпірінде түрлі іс-шаралар өтті. Тиісінше, ауданымыз да аталмыш

күні мерекесі бүгінгі таңда бейбіт өмір мен ынтымақта тұрмыс кешіп отырған ел тұрғындары үшін ыстық ықылас пен достық ниеттің дәстүрі,

аман, жұртымыз тыныш болсын. Еліміз өркен жайып, мемлекетіміз – молшылыққа, әр шаңырақ бақыт пен шаттыққа кенелсін!



өкілдерін сыртқа теуіп, жатырқаған жоқ. Керісінше, бауырына басып, қанатының астына алды. Бұрын да талай мәрте айтылған, бұдан кейін де айтыла береді. Себебі, бұл маңайға мақтанышпен, өзгелерге үлгі қылып айтуға тұратын ұлағатты іс. Қазіргі уақытта 130-дан астам ұлт өкілі бір шаңырақтың астында бірлігі жарасып, тірлігі ұштасып, тату-тәтті ғұмыр кешіп жатыр. Қазекеннің «Бірлік болмай – тірлік болмас» деген тәмсілінің төркіні осыдан шыққан болар.

мерекенің жоғарғы дәрежеде өтуіне өз шама-шарқынша атсалысты. Аудан орталығындағы «Алаш» алаңында «Бірлігіміз жарасқан» атты мерекелік бағдарлама ұйымдастырылып, тұрғындарға ерекше көңіл-күй тарту етілді. Бірінші кезекте аудан әкімі Р.Кенжебеков мінберге көтеріліп, ақтоғайлықтарды мерекемен құттықтап, ақжарма лебізін білдірді: – Қазақстан халқының бірлігі



асыға күтер мейрамы. Бұл күн – әрбір қазақстандық үшін Отанға деген сүйіспеншілік пен патриоттық сезімнің, азаматтық борыш пен жалпыұлттық келісімнің мерекесі. Баршаңызды Қазақстан халқының достығы және бірлігі күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Баршаларыңызға әр отбасына, шынайы көңілмен бақыт-береке тілейміз. Еліміз

Бұдан кейін «Арман» эстрадалық ансамблі, «Аққыз» балабақшасы мен К.Байсейітова және Ә.Бөкейхан атындағы мектеп оқушылары өз композициялық қойылымдарын көрермен қауымға паш етті. Бұдан бөлек, Ақтоғай археологиялық-этнографиялық музейі жиналған жұртшылыққа жылжымалы көрме ұйымдастырды.

Е.Темірхан.

Мемлекеттік қызмет

Бүгінгі күні кез келген жағдайда тиісті тәсілдер мен айрықша шешімдер табуға қабілетті, ерекше ойлайтын жаңа форматтағы мемлекеттік қызметшілерді қалыптастыру – қазіргі заманғы мемлекеттік қызметтің басты талаптарының бірі.

Мемлекеттік қызметшілер билік пен халық арасын байланыстыратын алтын көпір.

Атап айтқанда, 2021 жылы қаралған 40 сұрақтың 14-і және 2022 жылы 35 сұрақтың 6-ы тәртіптік істер болса, биылғы жылы 2 отырыста барлығы 10 сұрақ қаралған және олардың бәрі профилактикалық бағыттағы мәселелер.

Бүгінгі таңда Әдеп жөніндегі кеңес мүшелері мемлекеттік қызметшілердің әдептілік дең-

Әдеп жөніндегі кеңестің қызметі

Сондықтан, олардың кәсіби біліктілігімен қатар, мінез-құлқы, жүріс-тұрысы өзгелерге үлгі болуы тиіс.

Елді жоғары деңгейде дамыту үшін мемлекеттік қызметшінің бойында жоғары моральдық жауапкершілік, кәсіби білім, әділдік, адалдық сияқты қасиеттер болуы тиіс. Сол себепті, осы бағытта жұмыс істеу – бүгінгі күннің талабы.

Ал, бұл бағыттағы жұмыстарды іске асыруда Әдеп жөніндегі кеңестің алатын орны ерекше.

Себебі, Кеңес мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп нормаларын бұзушылықтардың алдын алу, мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтарын қарауды жүзеге асырады.

Сонымен қатар, Кеңес мүшелері отырыстарында әдеп жөніндегі уәкілдер қызметінің нәтижелерін қарау, тәртіптік комиссиялар жұмысын үйлестіру және өзге де лауазымды адамдардың есептерін тыңдауды жүргізеді.

Жылдан-жылға тәртіптік істердің саны және қаралатын профилактикалық сұрақтар үлесінің өсу динамикасы байқалады.

геін көтеруге бағытталған шаралар қабылдап, белсенді жұмыс жасауда.

Бұл мақсатта, Әдеп жөніндегі кеңес мүшелері тек отырыстарға қатысып қана қоймай, мемлекеттік органдар арасында, оның ішінде аудан және ауылдық округтерге барып, мемлекеттік қызметшілермен кездесіп, түсіндірме жұмыстарын өткізеді, азаматтарды жеке қабылдау жүргізеді.

Мысалы, ағымдағы жылы осындай іс-шаралар Ақтоғай және Шет аудандарында өткізілді.

Мұндай шаралар мемлекеттік қызметшілер тарапынан тәртіптік теріс қылықтарды жазаудың алдын алуына, мемлекеттік қызметтің беделін арттыруға, халыққа жақын, әр істе әділ болуға септігін тигізетіні сөзсіз.

Бағдары айқын, қызметі елеулі Әдеп жөніндегі кеңес институты халықтың сенімін ақтауға өз күшін сала бермек.

Б.Дүйсетаев,
«Қазақстан» РТРК» АҚ

Қарағанды облыстық филиалының директоры.

9 мамыр – Ұлы Жеңіс күні

Еңбек майданының қаһармандары

Әлбетте, Кеңес тарихында «Ұлы Отан соғысы» деп таңбаланған бұл қанды қасаптан екі бірдей Кеңес Одағының батыры Нұркен Әбдіров пен Қазыбек Нұржанов шыққан ақтоғайлықтар да тыс қалған жоқ. Мындаған ақтоғайлық майдан шебіне аттанып, Отан қорғады. Мындаған ақтоғайлық Отан үшін оққа ұшып, майдан даласында опат болды.

Отанды басқыншы жаудан азат ету жолында тек Кеңес жауынгерлері ғана емес, сонымен қатар еңбектеген баладан, еңкейген көріге дейін тылда еңбек етіп, еңбек майданының қаһарманы атанды.

Бүгін сол Ұлы жеңіс мерекесі қарсаңында тылда еңбек етіп, кеңес әскерінің жеңіске жетуіне өз үлестерін қосып, майдан қорына қаржы аударған жерлестеріміз жайлы айта кетуді жөн санап отырмыз.

Майдан қорына қаржы аударған жерлестеріміздің басында есімі елімізге белгілі, атақты ақтоғайлық айтыскер ақын Кенішбай Жұбандықұлы мен әйгілі балуан Моншақбай Жантулақовтар тұр. Кенішбай ақын майдан қорына өз жанынан 110 мың сом аударған. Сондай-ақ, Мәли Жақсыбеков (100 мың), Ақынтай Алдабергенов (75 мың), Әйнек Әбдіхалықов (75 мың), Адамия Әбілдин (75 мың), Әшімхан Ахметов (75 мың), Тоқбергелі Телібаев (75 мың), Моншақбай Жантулақов (60 мың), Сейдағазым Шомақбаев (61 мың), Қазыкөн Әмірханов (60 мың). Ол уақыттың өлшемімен біз жоғарыда көрсетіп отырған сомалар өте көп қаржы болып есептелетін.

Міне, Ұлы Отан соғысында қолына қару алып, елін қорғаған ерлермен қатар жоғарыда есімдері аталған тыл майдангерлері осылайша ел есінде мәңгі сақталып қалды.

Өз тілшімізден.

Дін – бірліктің діңгегі

«Отанды сүю – иманнан»

Халқымызда «Отан отбасынан басталады» деген мақал бар. Бұл сөздің мәніне үңіліп қарасаңыз, көп нәрсені айқын аңғаруға болады. Өйткені әрбір шаңырақта тыныштық, жақсылық, қуаныш болса, ол сол мемлекеттің берекелі өмірінің бір көрінісі емес пе?! Осындайда тіл ұшына орала кететін «Отбасы – шағын мемлекет» деген нақылдың растығына көзімізді айқын жеткізуге мүмкіндік туады. Ізгі қасиеттері бойында сақталған әрбір азамат өзінің Отанын шексіз сүйеді. Сол мақсатта өмір сүріп, туған өлкенің өркендеуіне жұмыс жасайды. Осындай имандылық әрбір азаматты алға жетелеп, биік-биік белестерге бастайды.

«Отанды сүю – иманнан». Әр адам үшін кіндік қаны тамып туып-өскен, яғни өз Отанынан қымбат жері жоқ. Қандай бір шетелде болса да сол бір шаң басқан, қаңбағы желмен қаңғырған туған жерін сағынады да тұрады. Отанымыздың ұлтарақтай ғана жері үшін қаһарман ата-бабаларымыз қасық қаны қалғанша күресіп, бізге мирас етіп қалдырды. Сондықтан, барлығымыз ата-бабаларымыздан мирас етіп қалдырған жерді аманат деп, көздің қарашығындай сақтау – баршамыздың борышымыз. Әр адамға өз Отанын қорғау, оны сақтау парыз екен.

Иманды жандар, жүрегі түзу мұсылмандар өзінің Отанын

қастерлеу, өзінің Отанын қорғау, Отанын сүю киелі ұғым екенін білуі керек.

Жаратушы иеміз әрбір сана иесіне әу баста адамды айналасына қарап, ұлы иесін тапсын, танысын, иман етсін, илансын, Жаратушысының құдіретінің, ұлылығының, шеберлігінің алдында таңқалып, бас иесін деп фәни жалғанға аттандырған. Алла тағала қоршаған ғаламды өзін танытатын өте бір үлкен кітап секілді етіп жаратқанына талай мәрте көз жеткізіп жүрміз. Сол бір өмір ағымындағы әрбір тылсым сырына қанығып, жаратылысы жайында өзіндік ой-пікірін көкейіне түйген адам өз болмысымен, бойында мөрленген ғажайып нақыштарымен даралана түседі.

Адамның өз Отанына деген сүйіспеншілігі қалай көрінеді? Ақылды адам Отаны туралы зәредей жаман сөз айтпайды. Басқа жұрттың алдында елін, жерін мақтан тұтады. Жұрттың дәріптейтін шығарма, өлең жазады. Жаратқан иеден елі мен жерінің тыныштығы, жарқын болашағын тілеп, дұға қылады. Мысалы, еліміздегі мешіттерде жұма сайын имамдар, діндарлар Алла тағаладан Отанымыздың, еліміздің амандығын тілейді. Тәуелсіздігіміздің баяндылығын, мемлекетіміздің қауіпсіздігін сұрайды. Жамағаттың, елдің бірлігі үшін үгіт-насихат жүргі-

зеді, ағайынның татулығын, бейбітшілікті уағыздайды. Медреселерде иманды да ибалы ұл-қыздарды тәрбиелеуге көңіл бөлінеді.

Ертеден бері мұсылман елдеріне көз тіккен отарлаушы елдер мұсылмандардың Отанын қорғауды иманының міндеті деп білгендіктен, қарыс жері үшін қанын төккенін, бір уыс топырағын дүниенің бүкіл асыл тасына айырбастамайтындығын анық көрді. Сондықтан, кезінде хадис ғылымының мәселесі болған «Отанды сүю – иманнан» деген сөзге берілген ғылыми үкімді саяси үкімге айналдырып мұсылмандар арасына жайды. Яғни, Отанды сүюдің иманға, мұсылманға қатысы жоқ деген түсінік қалыптастыруды көздеді. Сол арқылы мұсылмандарды Отандарына бейжай қарайтын халге түсіруге тырысты. Мақсат – өздерінің арам ойларын оңай іске асыру. Шын мәніне келетін болсақ, өз тарихымыз да, жалпы мұсылман тарихы да Отан қорғаудың жарқын үлгілеріне толы. Сондай-ақ, соңғы ғасырлардағы мұсылман әлемінің тарихында отар болып, бодандықта қалудың жанкүйзелтер ащы сабақтары да жетерлік. Тарихтан ғибрат алған ел ғана болашағын бағамдай алатындығын ұмытпайық.

Отаншылдық туған отбасына, туып-өскен ортаға, туған топы-



рағы мен табиғатына деген құрметтен басталады. Сондықтан, отаншылдықтың қайнар көзі адамгершілік қасиеттер болады. Отаншылдықтың іргетасы – ұлт-жандылық. Өз ұлтын сүйіп, оның мұңын мұндап, жоғын жоқтайтын, жырын жырлай алатын азамат қана отаншыл бола алады. Айтпағымыз, отаншыл болу ғана емес, дүниеге себепкер болып алып келген ата-анамыздың бүгінге дейін тәрбиелегеніне қаншалықты қарыздар болып, оларға жақсылық жасау үлкен парыз болғанындай, бүгінге дейін тыныштықта, көк аспанның астында бейбіт өмір сүріп келе жатқан Отанымыздың алдында да борышымыз бен міндетіміз – парыз.

Халық даналығы «Отан үшін отқа түс, күймейсің» дейді. Мұның мағынасы Отанды қорғау, тыныштығын сақтау жолында қажырлы еңбек етуді білдіреді. Сондай-ақ, туған жер ата-бабаларымыздың сүйегі жатқан жер болғандықтан, ұрпаққа перзенттік парыз жүктейді.

Отанымыз – біздің алтын шаңырағымыз. Әрдайым шаңырағымыз биік бола берсін! Алла Отанымызды дұшпанның жаман ойынан, халықтың араздығынан сақтап, өмір бойы мәңгілік бақытқа жеткізе бергей! Еліміз тыныш, жұртымыз аман болсын!

С.Сыздықов,
аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы.

Зайырлы мемлекет – зайырлы қоғам

Зайырлы мемлекет азаматтардың дін ұстану еркіндігі мен діни мекемелердің мемлекеттен бөлінуін білдіреді. Дін – мемлекеттік саясаттан тыс. Қазақ елінде мемлекеттік деңгейдегі ресми дін жоқ. Конституция бойынша діни партия құруға жол берілмеген. Мемлекеттік органдар Конституция негізінде салалық заңдарды басшылыққа алып жұмыс істейді. Қазақстанның әр азаматы ұждан бостандығын пайдаланады. Дін ұстану немесе атеист болу – әркімнің өз еркінде.

Елде дінді ұстану мен бірлестіктердің жұмысын реттейтін заңдылықтарды мемлекет белгілейді және бақылайды. Дүние жүзінде мемлекеттердің үш түрі бар: теократиялық, атеистік және зайырлы мемлекеттер.

Зайырлы дегеніміз, бұл – озық, толерантты, ашық қоғам. Зайырлы мемлекет дегеніміз – діни тап өкілдерінің мемлекет билігін тартып алуына жол берілмеуі. Зайырлы мемлекет азаматтық қоғамның құрамдас элементі ретіндегі діни бірлестіктердің қызметін заң шеңберінде реттеп отыратындықтан, ол дін субъектілерінен заңдар мен құқықтық нормаларды қатаң сақтауын және өз қызметтерін заң шеңберінде жүзеге асыруын талап етеді. Мемлекет пен қоғам үшін діни алауыздық пен тағатсыздықтың өршуі қаншалықты қауіпті болса, заңдардың, адам құқықтары мен бостандықтарының аяққа басылуы да соншалықты қауіп туғызады. Бірінші жағдай діни фанатизмді туындатса, екінші жағдайда құқықтық нигилизм өріс алады. Зайырлылық ұғымы өзара ынтымақтастық пен түсіністікке, ал зайырлы мемлекет ұғымы

заңдылық пен құқыққа негізделгенде ғана мемлекеттілік пен ұлттық қауіпсіздіктің берік тұғыры қаланады.

Конституциялық негіздегі «зайырлылық» ұғымы мемлекеттің дін саласында ашық әрі



айқын саясат ұстанатынын, азаматтардың ар-ождан бостандығын қамтамасыз ететінін, дін мен мемлекеттік саясатты араластырмайтындығын білдіреді. Яғни, зайырлылықтың атеизм, дінсіздік немесе дінді терістеушілік деп емес, мемлекеттің діни емес, құқықтық қағида-тармен басқарылуы деп түсіну қажет. Демек, зайырлы мемлекет діни сенім бостандығын құқықтық қамтамасыз етілетіндігімен құнды.

Зайырлы қоғамда әлемдік және дәстүрлі діндердің GT ғылыми тұрғыдан танып білген жөн. Қазіргі уақытта адам мен қоғам өміріндегі ақпараттық және интеллектуалды ортада діни наным-сенім мен сананың рөлі өсіп келеді. Діни ұстаным адамзатпен байланысты әлеуметтік

құбылыс болғандықтан, адамзат мәдениеті ұғымымен де тікелей байланысты. Діни ұстаным адам өміріндегі құндылықты, өмір мәні ұстанымына да ықпал етеді.

Қорытындылай келе, зайырлы мемлекет ұғымының түп-тамыры діни құқық тұрғысынан адамсүйгіштік құқығын басшылыққа алуда жатыр. Адам және адамның өмірінің құндылығы ғасырлар тереңінен зайырлы және құқықтық мемлекет құруға деген талпынысты туындатты. Зайырлы мемлекет діни наным-сенімді адам болмысына тән қажеттіліктердің бірі ретінде қарастырып, құқықтық нормаларды басшылыққа алады. Зайырлы мемлекетте діни құқық емес, адамның дінге деген құқығы әлеуметтік заңдылықтар шеңберінде қарастырылады. Мемлекеттің зайырлы немесе теократиялық үлгілерінің қайсысы дұрыс екендігі жайлы пікірталас туындағанда кейбір азаматтар зайырлы мемлекетте адам құқықтары басты орынға қойылатындығына көңіл аудармай жатады. Құқықтық мемлекет құрудың маңыздылығы еліміздің барлық азаматтарының діни сеніміне қарамастан заң алдындағы теңдігінен көрінеді.

А.Сүйіндік,
аудандық мешіттің бас имамының міндетін атқарушы, наиб имам.



Әсет Болғанбайұлының туғанына – 95 жыл

Тілтанудағы ірі тұлға

Анықтама сөздік жасау ісінің санлағы, тілтану ғылымының тарланы, филология ғылымының докторы, ҚазКСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Әсет Болғанбайұлы 1928 жылы, 8-наурызда Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, қазіргі Қарамөнде би ауылдық округінде дүниеге келген. Қарқаралы педагогика училищесін, Қазақ мемлекеттік университетін бітірген. Осы жылдан бастап, өмірінің соңына дейін Қазақстан ғылым академиясының Тіл білімі институтында ғылыми қызметкер, бөлім меңгерушісі болды. Ғылыми еңбектерінің негізгі бағыты қазақ тілі лексикологиясы мен лексикографиясын зерттеуге арналған. «Қазақ тілі лексикологиясы» деген еңбегінде синхрондық зерттеу әдісін қолданып, лексикология қағидаларын тың тілдік деректермен толықтырды. Ә.Болғанбайұлы – «Абай тілі сөздігін», «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігін» құрастырушылардың бірі.



2001 жылы қыркүйекте Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Үшарал ауылындағы мектепке Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, филология ғылымдарының докторы, профессор Әсет Болғанбайұлының есімі берілді. Мектеп ішінде арнайы мұражай ашылып, сыртқы қабырғасына ескерткіш такта орнатылған.

Осы орайда таяуда Ақтоғай аудандық орталықтандырылған кітапхана жүйесі қызметкерлерінің ұйымдастыруымен «Ақтоғайдың Құрметті азаматы», Қазақстан мемлекеттік сыйлығының иегері, тіл ғылымының профессоры Әсет Болғанбайұлының дүниеге келгеніне 95 жыл толуына орай ғалымның кіндік қаны тамған Қуаныш ауылында «Тіл ғылымының тұғыры биік қайраткері» атты дөңгелек үстел өтті.

Ғалымның тіл біліміне сіңірген еңбегі мен шығар-

машылығын насихаттау мақсатында өткен шара барысында ұрпағы Болғанбаев Сейфолла ғалым мұрасымен таныстырып, атасының кейінгі ізбасарлары жайлы әңгімеледі. Ауыл ақсақалы Айжанов Серік, Қуаныш ауылының имамы Бауыржан ағамыз өз

тілектерін білдірді. Шара барысында Сәтібек Ибраев атындағы мектептің озат оқушылары мәнәреп өлең оқып, ән мен би өнерінен шашу шашып, көрермен ықыласына ие болды. Әсет Болғанбайұлының 95 жылдығына орай құрастырылған викторина ойыны ойнатылды. Ойынға келушілер белсене қатысып, жеңімпаздар анықталып, шарамыз қызықты да тартымды өтті. Қуаныш ауылының тұрғындары ризашылықтарын білдіріп, осындай шаралар көп болсын деген ниет білдірді.

Шараның мақсаты ғалымның тіл біліміне сіңірген еңбегі мен шығармашылығын насихаттауды көздейді.

Аудандық орталық кітапхана.

Хабарландыру

Құрметті тұрғындар!

Қазақстан Республикасының Экологиялық заңнамасына сәйкес «АҚ Алтыналмас» АҚ Пустыннсе кен орнындағы тау-кен жұмыстары жоспарына қоршаған ортаға ықтимал әсерлер туралы Есептің жобасы бойынша ашық отырыстар түріндегі қоғамдық тыңдаулар басталғаны туралы хабарлайды.

Ашық жиналыс түріндегі қоғамдық тыңдаулар 15.06.2023 жылы сағат 15.00-де Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ортадересін ауылы, О.Жәутіков көшесі, 20 мекен-жайы бойынша өтеді. Қатысушыларды тіркеу тыңдаулар өткізудің басталуынан 1 сағат бұрын жүзеге асырылады (өзімен бірге жеке куәлігі болуы міндетті).

Шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар Zoom қосымшасы арқылы онлайн режимде өткізіледі.

ZOOM конференциясына онлайн қосылуға сілтеме: <https://zoom.us/j/4085555088?pwd=ZmF0eFUwWGpSEtuanJXeTRadEIPdz09>

Идентификаторы: 408 555 5088. Кіру коды: cEu8A8

Барлық мүдделі тұлғаларды қатысуға шақырамыз.

Материалдармен бірыңғай экологиялық порталда танысуға болады <https://ecportal.kz> сондай-ақ, Қарағанды облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасынан эл пошта арқылы сұрауға болады expertiza.upr_krg@mail.ru.

Ескертулер мен ұсыныстар мына сілтеме бойынша қабылданады: <https://ecportal.kz> және Қарағанды қаласы, Лобода көшесі 20, тел: 8 (7212) 56-81-66, expertiza.upr_krg@mail.ru.

Қосымша ақпарат алуға болатын электрондық мекен-жайы және телефон нөмірі(лері): «EcoProf KZ» ЖШС - info@ecoprof.kz, 8 (7212) 41-13-02.

Көзделіп отырған қызметтің бастамашысы – «АК Алтыналмас» АҚ, БСН 950640000810, кәсіпорынның заңды мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Республика алаңы, 15.

Әзірлеуші – «EcoProf KZ» ЖШС, БСН 131240019006. Заңды мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Қазыбек би атындағы аудан, Бұқар жырау даңғылы, 2, 1 кабинет, тел/факс: 8 (7212) 41-13-02.

АБ

Объявление

Уважаемые жители!

Согласно Экологическому законодательству РК АО «АК Алтыналмас» сообщает о начале проведения общественных слушаний в форме открытых собраний по проекту Отчет о возможных воздействиях на окружающую среду к Плану горных работ месторождения Пустыннсе.

Ближайший населенный пункт – станция Аюкайдак. Общественные слушания в форме открытых собраний будут проходить 15.06.2023 года в 15.00 по адресу Карагандинская область, Ақтоғайский район, Ортадересинский с.о., с.Ортадересин, ул. О.Жаутикова, 20. Регистрация участников осуществляется по удостоверениям личности за 1 час до начала общественных слушаний (иметь при себе удостоверение личности).

В случае введения ограничительных мероприятий, в том числе карантина, общественные слушания проводятся в онлайн режиме через приложение Zoom.

Ссылка на онлайн подключение к конференции Zoom: <https://zoom.us/j/4085555088?pwd=ZmF0eFUwWGpSEtuanJXeTRadEIPdz09>

Идентификатор: 408 555 5088. Код доступа: cEu8A8

Всех заинтересованных лиц приглашаем принять участие.

С материалами можно ознакомиться на Едином экологическом портале <https://ecportal.kz>; также запросить в Управлении природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области по эл почте expertiza.upr_krg@mail.ru.

Замечания и предложения принимаются по ссылке <https://ecportal.kz> и по адресу г. Караганда, ул. Лободы 20, тел: 8 (7212) 56-81-66, expertiza.upr_krg@mail.ru.

Электронный адрес и номер(-а) телефона, по которым можно получить дополнительную информацию: ТОО «EcoProf KZ» - info@ecoprof.kz, 8 (7212) 41-13-02.

Инициатор намечаемой деятельности – АО «АК Алтыналмас», БИН 950640000810, Юридический адрес предприятия: Республика Казахстан, г.Алматы, площадь Республики, 15.

Разработчик – ТОО «EcoProf KZ», БИН 131240019006. Юридический адрес: Республика Казахстан, Карагандинская область, город Караганда, район имени Казыбек би, проспект Бұқар жырау, 2, офис 1, тел/факс: 8 (7212) 41-13-02.

Хабарландыру

Ақтоғай ауданында «Ақтоғай Су» ЖШС-нің хабарламасы бойынша жария тыңдау өтеді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаменті (Қарағанды қаласы, Костенко көшесі, 6 ұй, тел: 8 7212 42-67-00, 41-18-27, электрондық мекен-жай: <http://www.gov.kz/memleket/entities/krem>) «Ақтоғай Су» ЖШС-нің тарату желілері бойынша су беру жөніндегі қызметтерге өтінімін қарау бойынша жария тыңдау өткізілетіндігін хабарлайды. Ақпарат Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 19 қарашадағы № 90-НҚ бұйрығымен бекітілген тарифтерді қалыптастыру қағидаларына сәйкес ұсынылған.

Қағиданың 24 тармағына сәйкес, жария тыңдауларды уәкілетті орган немесе оның аумақтық бөлімшесі, оның ішінде жария тыңдауларға қатысушылардың кедергісіз қол жеткізуін қамтамасыз ете отырып, онлайн трансляцияларды ұйымдастыру арқылы өткізеді.

Жария тыңдаулар 2023 жылғы 12 мамырда сағат 12.00-де Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылы, Ә.Бөкейхан көшесі, 4 (Ақтоғай ауданы әкімі аппаратының кеңес залы), сондай-ақ Facebook әлеуметтік желі арқылы (<https://www.facebook.com/dkrem.krg>) және сілтеме бойынша Zoom платформасы арқылы (<https://us05web.zoom.us/j/88598332585?pwd=S0V4MUZNemM2d2FKZitSTWV0cDgxQT09>) сәйкестендіру коды: 829 5710 2478, кіру коды: 123456), «Ақтоғай Су» ЖШС-нің тарату желілері бойынша су беру жөніндегі қызметтерге тариф пен тарифтік сметаны бекітуге өтінімін қарау бойынша.

Жария тыңдауға қатысуға мәслихат депутаттары, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, мемлекеттік органдар, тұтынушылар мен олардың қоғамдық бірлестіктерінің өкілдері, тәуелсіз сарапшылар, бұқаралық ақпарат құралдары, табиғи монополиялар субъектілері шақырылады.

Департаменттің байланыс телефондары: 8 (7212) 41-18-27, 41-34-24.

«Ақтоғай Су» ЖШС-нің байланыс телефоны: 8 (747) 331-29-43.

Объявление

В Ақтоғайском районе пройдет публичное слушание по заявке ТОО «Ақтоғай Су».

Департамент Комитета по регулированию естественных монополий Министерства Национальной экономики Республики Казахстан по Карагандинской области (расположенный по адресу: г. Караганда, ул. Костенко дом 6, тел: 8 7212 42-67-00, 41-18-27, сайт <http://www.gov.kz/memleket/entities/krem>). Проводит публичное слушание по рассмотрению заявки ТОО «Ақтоғай Су» на услуги по подаче воды по распределительным сетям. Информация представлена в соответствии с Правилами формирования тарифов, утвержденными приказом Министра Национальной экономики Республики Казахстан от 19 ноября 2019 года № 90-ОД.

В соответствии с п. 24 Правил публичные слушания проводятся уполномоченным органом или его территориальным подразделением, в том числе с организацией онлайн-трансляций, с обеспечением беспрепятственного доступа участников публичных слушаний.

Публичное слушание состоится 12 мая 2023 года в 12.00 часов, по адресу Карагандинская область, Ақтоғайский район, с.Ақтоғай, ул. Ә.Бөкейхан дом 4, (зал совещания аппарата акима Ақтоғайского района), а так же в режиме онлайн посредством социальной сети Facebook (<https://www.facebook.com/dkrem.krg>), а также, конференции в платформе Zoom по ссылке: (<https://us05web.zoom.us/j/88598332585?pwd=S0V4MUZNemM2d2FKZitSTWV0cDgxQT09>), идентификатор конференции: 829 5710 2478, код доступа: 123456), по рассмотрению заявки ТОО «Ақтоғай Су» на утверждение тарифа и тарифной сметы на услуги по подаче воды по распределительным сетям.

На слушание приглашаются депутаты маслихатов, потребители, независимые эксперты, средства массовой информации, представители органов местного самоуправления, государственных органов, общественных объединений, субъектов естественных монополий и иных заинтересованных лиц.

Контактные телефоны Департамента: 8 (7212) 41-18-27, 41-34-24.

Контактный телефон ТОО «Ақтоғай Су»: 8 (747) 331-29-43.

АБ



Құрметті аудан тұрғындары!

Аудандық "Ақтоғай ажары" газеті

редакциясында 3*4, 5*6, 10*15, А4, А3 форматтағы түрлі-түсті фотолар, отбасылық күнтізбелер, алғыс хаттар, мадақтамалар, буклеттер, тойларға шақырулар, т.б. тапсырыс бере аласыздар!



Құттықтаймыз!



Құрметті де қадірлі **Қуаныш Махметов!**

Сізді айтулы белес – 70 жасқа толуыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Өмір айдынында бірге жүріп, қызық-қуанышымызды бірге бөлісіп жүрген абзал азаматқа өмірдің барлық игілігін, бақытқа толы биігін, асқақ сезімге бөлер асқар шындарды тілейміз.

Сіз ауданымыздағы үлкен ұжым – денсаулық сақтау саласының жедел жәрдем көлігінің жүргізушісі болып ұзақ жыл абыройлы еңбек етіп, ел-жұртыңыздың құрметіне бөлендіңіз. Бала-шағаныңыздың ортасында нәмере қызығын қызықтап отырған әулеттің отағасы, туғандарыңыздың панасы екеніңіз де рас. Алғы күндерде де еңбектің зейнетін көріп, қазыналы қария атаныңыз. Әрдайым ортамызда мәртебеңіз биіктеп, отанасы Құндызбен бірге әлі талай белестерді бағындыра беруіңізге тілектеспіз.

Көлдей көңіл тілейміз таусылмайтын, Өзендей өмір болсын сарқылмайтын. Баянды бақыт болсын өмірінде, Ешқашан көңіліңді кір шалмайтын.

Ізгі тілекпен: Секен-Света.

Құттықтаймыз!

Ақтоғай ауылының тұрғыны, құрметті досымыз

Қуаныш Махметов!

Сізді өмірдің бір биік белесі – 70 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Осы айтулы мерекеніз күні сізге зор денсаулық, отбасыңызға амандық, қажымас қайрат, баянды бақыт, берекелі де мерекелі



ұзақ ғұмыр тілейміз. Отанасы Құндызбен бірге балашаға, туған-туыстарыңыздың қызық-қуаныштарына кенеліп, жарқын жүзіңізді мұң шалмай, арамызда аман-есен жүре беріңіз!

Өткен күннің артта қалып елесі, Тіршіліктің жылжи берер кемесі. Басыңызға бақ пен ырыс сыйлаған, 70 жастың құтты болсын белесі!

Құттықтаушылар: құрбы-қластастары – Марат-Шәйза, Құрал-Несіпбала, Самат-Гүл, Бәтима, Дәния, Өрік-Қарлығаш, Қанат-Дина.

Бәрекелді!

Дағдысынан жаңылмаған дүбірлі дода

Кейінгі жылдары ұлттық құндылықтарымызды ұлықтауға үлкен күш салынып, қолдау білдіріліп келеді. Нәтижесінде бір заматта өлімсіреп, өшуге шақ қалған дегдар дүниелер дәріптеліп, бекзада болмыс қайта биікке көтерілді. Соның бір парасы ретінде қайсыбір уақыттарда қол үзіп қала жаздаған ұлттық ат спортын айтуға әбден болады.

Тұлпарға тақым артып ойнайтын – көкпар, аударыспақ, тенге ілу, жамбы ату сынды спорт түрлерінің барлығы ер-азаматты төзімділікке, шапшаңдыққа, физикалық тұрғыда күшті болуға бейімдейді. Бұл дегеніміз әлжуаздық белен



алған қазіргі уақытта ұл балаларды болаттай бекем қылып тәрбиелеуге өте қажет.

Аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімі кейінгі жылдары осынау ұлттық спортқа ден қойып, оның жоғарғы дәрежеге көтерілуіне үлкен күш салып келеді. Сөзіміздің жанды дәлелі ретінде күні кеше өткен ұлттық спорт түрлерінен V аудандық біріншілікті айта аламыз. Дүбірлі дода сәуір айының 30-ы мен мамырдың 1-і күні аралығында өтті. Аталмыш сайысқа өз ауылдарының намысын арқалап келген 10 команда қатысты. Бірінші күні сайдың серкетасындай болған сайыпқырандар көкпар ойыны бойынша өзара бақ сынасты. Көкпарға ертеден араласып, әбден ысқаяқ болған командалардан бөлек, жаңа-жаңа ат спортына бет бұрып, сап түзеп келген командалар да қатысты. Бұл дегеніміз ауданымызда төл ойындарымызға деген жақсы көзқарас қалыптасып, аз да

болса ілгерілеп келе жатқанын аңғартады. Ұзақты күнге созылған сайыста командалар аянып қалмады. Барлығы да жеңіске деген құлшынысының зор екенін танытты. Жарыстың алғашқы күнінде бабы келіссе де, бағы келіспеген алты команда жеңіліс тауып, төрт команда үздік үш орынға таласты.

Ал мамырдың 1-ші жұлдызында күн арқан бойы көтерілген уақытта көкпар ойынының финалдық кездесулері басталды. Екі күнге ұласқан байрақты бәсекеде қарсыластарын ойсырата жеңген Ақши командасы жарыстың жеңімпазы атанып, ақшалай сыйлыққа ие болды. Ал, Жаланаңш командасы II орынға шықса, Үшарал командасы үздік үштікті түйіндеді. Осылайша, көкпар ойынының жеңімпаздары анықталғаннан кейін «тенге ілу» сайысы өтті. Аталмыш жарыста М.Санақ I орынға ие болса, Т.Теңізбай II орын, ал Ж.Қаржаубай III орынды қанағат тұтты. Бұдан кейін сайын даланың шаңын көкке шығарып, желмен жарысқан тұлпарлардың жарысы өтті. Жарыс арғымақтардың жас ерекшелігіне қарай тай, құнаң, аламан болып бөлініп, үш санатта өтті.



Аталмыш сайыста жеңімпаз деп танылған барлық қатысушыға ақшалай сыйлықтар тарту етілді. Осы тұста айта кету керек, сол күнгі ауа райының қолайсыздығына байланысты «аударыспақ», «жамбы ату» ойындары өтпей қалды.

Е.Айтжан

Құттықтаймыз!

Ақтоғай ауылының тұрғыны, қадірлі әкеміз **Өмірзақ Түсіпов** мерейлі 60 жасқа толып отыр. Бүгінде қыздарын қияға, ұлын ұяға қондырып, нәмерелерінің сүйікті атасы болып отырған асыл жанды мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз!



Сізге ақ көңілімізден шыққан ізгі тілегімізді білдіре отырып, зор денсаулық, баянды ғұмыр, қажымас қайрат, жемісті де жеңісті күндер тілейміз. Алланың берген жасын жасап, балашағаныңыздың ортасында анамыз Айгүлмен бірге ауырмай-сырқамай бақытты ғұмыр кешуіңізге тілектеспіз. Әрбір арайлап атқан таң сізге тек қуаныш пен береке әкелсін. Ағайын-туыстың құрметіне, нәмерелеріңіздің шу-күлкісіне бөленген әдемі ғұмыр кеше беріңіз!

Асыл әке, ардағы ұл-қызының, Бәрін болжап жүретін алдағының. Қамқорымыз сіз келіп 60 жасқа, Қуанып отырсыз ғой бізді бүгін. Анамыз Айгүлмен қанаттасып, Жүріңіз әр күн сайын алға басып. Сіздерді мақтан етіп біз тұралық, Мөлдір бұлақ суындай асып-тасып.

Ізгі ниетпен: балаларыңыз – Есенгелді-Мәдина, Айман-Дархан, Арайлым-Қуандық, нәмерелері – Қазына, Нұрислам, Нұрым, Нұрәли, Көзайым, Бекнұр, Темірлан, Аян. Осы тілекке анамыз Айгүл де қосылады.

Сенім телефоны

Ақтоғай ауданының кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінде мемлекеттік қызметкерлердің Әдеп Кодексінің, мемлекеттік қызмет туралы заңнамаларды, сыбайлас жемқорлықпен күрес жұмысындағы талаптарды бұзу фактілері туралы хабарлама жасау үшін 2-16-34 нөмірлі сенім телефоны жұмыс жасайды.



Құрылтайшы: ЕЛЕУСИЗОВА ГУЛНАР МЕТАЕВНА

Редактор үшін Д.КАБЫЛ

Меншік иесі: "Ақтоғай ажары" газеті редакциясы ЖШС

Тіркеу куәлігі: №KZ94VPY00019192. (Қазақстан Республикасы ақпарат және даму Министрлігі 2020 жылы 10 қаңтарында берілген)

Газет аптасына 1 рет шығады

Кезекші редактор: Еркебұлан Айтжан

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, Қарағанды қаласында «Арқо» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

Мақала авторларының пікірі газеттің көзқарасын білдірмейді. Таралымы 1200 дана

Мекен-жайымыз: 100200, Ақтоғай ауылы, Абай көшесі, №1 а үй.

Телефондар: редактор: 2-18-81, тілшілер, компьютер орталығы: 2-15-39



Электрондық пошта aktogai_red@mail.ru

Газетке А4 форматты 3 беттен асқан материалдар қабылданбайды.